

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

### 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Кристалл Менеджмент» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «Компания») 2017 жылғы 10 наурызда жауапкершілігі шектеулі серіктестікті қайта ұйымдастыру салдарынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам болып табылады. Серіктестіктің алғаш тіркеуге алынған күні – 2007 жылғы 4 желтоқсан.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияға «Joint Resources» АҚ (51%), «EuroAsia Construction» ЖШС (24,5%), «Позитив-А» АҚ (15%), «FCI Management LLP» ЖШС (9,5%) (бұдан әрі – «Акционерлер»). Бұл компаниялардың барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.

«Green Power Generation» АҚ еншілес ұйымы («Еншілес ұйым») 2022 жылғы 8 шілдеде 100% иелену үлесімен сатып алынды. Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымының (бұдан әрі бірлесіп "Топ" деп аталады) қаржылық есептілігін қамтиды.

Топтың қызметінің негізгі бағыты энергиямен қамсыздандыратын кәсіпорындарға электр энергиясын өндіру және өткізу болып табылады. 2010 жылғы қаңтарда Топ Қызылорда облысының Ақшабұлақ кен орнында (Қызылорда қаласынан 120 км) орналасқан, қуаттылығы 87,03 МВт болатын газтурбиналы электрстанциясының (ГТЭС) құрылысын бастады. Станцияның құрылысы толығымен аяқталып, 2012 жылдың маусымында пайдалануға берілді. Газ-турбиналы электр станциясы «Қазгермұнай» БК» ЖШС беретін құрғақ жағар газдың негізінде жұмыс істейді. ГТЭС іске қосылған сәттен бастап және 2014 жылдың мамырына дейін газ «Қазгермұнай» БК» ЖШС-пен жасалған құрғақ жағар газды жеткізу туралы келісімшарттың негізінде жеткізіледі. 2014 жылғы мамырдан бастап газ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен 2024 жылға дейінгі мерзімге жасалған келісімшарт бойынша жеткізіледі.

2014 жылғы 7 ақпанда Топ Мұнай және газ министрлігімен № 3996-УВС Қызылорда, Ақтөбе және Қарағанды облыстарында орналасқан учаске аумағында көмірсутекті ресурстарды барлауға арналған жер қойнауын пайдалану келісімшартын (бұдан әрі - «Келісімшарт») жасады. Жер қойнауын пайдалану келісімшарты 6 жылға жасалды. 2020 жылғы 20 қаңтарда Келісімшартқа № 7 Қосымша келісімге қол қойылды, соған сай Келісімшарт «Барлауға және өндіруге арналған келісімшарт» деп атала бастады, оның мазмұны жаңа «ҚР Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодексінің» талаптарына сәйкес келе бастады. Келісімшарттың мерзімі 2022 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін ұзартылды. 2020 жылғы 22 қыркүйекте №8 Қосымша келісімге қол қойылды, соған сай Келісімшарттың мерзімі 2023 жылғы 31 қазанды қоса алғанға дейін ұзартылды. 2023 жылы сынақ өндіру аясында Топ 2.441 тонна мұнай өндірді және сатты (2022 жылы: 12.227 тонна).

2023 жылы А Блогының келісімшарттық аумағынан 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС Келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдаланудың жекелеген келісімшарттарына мынадай кен орындары бөліп шығарылды:

1. Қаракөл кен орны 2023 жылғы 17 қазандағы №5276-УВС өндіру келісімшартына 2048 жылғы 2 мамырға дейінгі мерзімге бөліп шығарылды.
2. Солтүстік Майбұлақ және Егізқара кен орындары 2023 жылғы 30 қазандағы №5284-УВС Барлау және өндіру келісімшартына 2026 жылғы 30 қарашаға дейінгі мерзімге бөліп шығарылды. Оған сондай-ақ Қарамай, Оңтүстік шығыс Досжан және Батыс Қоныс перспективалы құрылымдары кірді. Осы Келісімшарт бойынша көмірсутектерді барлау жалғасатын болады

Осылайша, 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС Келісімшарт бойынша А Блогының келісімшарттық аумағының құрамында келесі кен орындары қалды:

1. Оңтүстік Жінішкекұм, сынап пайдалану сатысында;
2. Сұлутабан, дайындық кезеңі сатысында;
3. Бестөбе, дайындық кезеңі сатысында.

2023 жылғы 30 қазандағы №13 Қосымша келісіммен 2014 жылғы 7 ақпандағы №3996-УВС Келісімшарттың мерзімі 2026 жылғы 17 қарашаға дейін ұзартылды.

Топтың тіркелген кеңсесі мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 95 үй.

### 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 «Аралық қаржылық есептілік» сәйкес дайындалды.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік жылдық қаржылық есептілікте ашылуға жататын барлық мәліметтер мен деректерді қамтымайды және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жылдық қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы қаржылық есептілікке ескертпелерде ашылған операцияларды қоспағанда, бастапқы күн негізінде дайындалды.

Аралық қысқартылған қаржылық есептілік теңгемен ұсынылған және арнайы ескертілген жағдайларды қоспағанда, осы қаржылық есептіліктегі барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектенеді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

#### Активтер мен міндеттемелерді ағымдағы және ұзақ мерзімді жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді оларды ағымдағы және ұзақ мерзімді деп жіктеу негізінде ұсынады. Актив ағымдағы болып табылады, егер:

- ол іске асырылуы керек немесе әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналған болса;
- ол негізінен сауда мақсаттарына арналған болса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай ішінде іске асыру болжанатын болса; немесе
- ол айырбастауға немесе есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақшалай қаражатты немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі. Міндеттеме ағымдағы болып табылады, егер:

- ол әдеттегі операциялық цикл шеңберінде сатуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

#### Шетел валютасындағы операциялар

Қаржылық есептілік теңгемен білдірілген. Теңге функционалдық валюта және Топтың осы қаржылық есептілігін ұсынудың валютасы болып табылады.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданыстағы функционалдық валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмашылықтар жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Шетел валютасындағы тарихи күн негізінде бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күнге қайта есептеледі. Шетел валютасындағы әділ күн бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер әділ күн айқындалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ күн бойынша бағаланатын ақшалай емес баптарды кері қайта есептеу бойынша туындайтын кірістер немесе залалдар осындай баптың әділ құнының өзгеруінен болатын кірістерді немесе залалдарды тануға сәйкес қаралады (яғни, әділ күн бойынша табысы немесе шығыны өзге жиынтық кірісте немесе пайда мен залалда танылатын баптар бойынша бағамдық айырма тиісінше өзге жиынтық кірісте немесе пайда мен залалда да танылады).

Қазақстан Республикасында ресми айырбастау бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар бастапқыда өзіндік құны бойынша танылады. Кейінгі есепке алу жинақталған амортизацияны (жерден және аяқталмаған өндірістен басқа) және қайта бағалау күнінен кейін танылған құнсызданудан болатын зиянды, олар болған жағдайда, шегере отырып әділ құны бойынша жүзеге асырылады.

Топ өзіне тиесілі негізгі құралдарды әділ күн бойынша ескереді, бұл ретте әділ құнның өзгеруі жиынтық табыс туралы есепте танылады. Топ өзінің негізгі құралдарын әділ ауыстыру құнына дейін қайта бағалау үшін кезең-кезеңімен тәуелсіз сарапшыларды тартады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қайта бағалаудан құнның өсуі өзге де жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі және меншікті капиталдың құрамына кіретін активтерді, оның осы активтің құнын қайта бағалау салдарынан болған және пайда немесе зиян құрамында бұрын жасалған қайта бағалау салдарынан танылған мұндай активтерді қайта бағалаудан болған залалды қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, активтерді қайта бағалау резерві қорының артуына жатады. Қайта бағалаудан болатын залал оның бұрын активті қайта бағалау резерві қорының құрамында танылған осы актив бойынша оң қайта бағалауын тікелей кемітетін бөлігін қоспағанда пайда немесе зиян құрамында танылады.

Негізгі құралдардың құнына сондай-ақ құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды.

Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	15-30
Машиналар мен құрал-жабдықтар	5-20
Көлік	7-10
Басқасы	2-20

Газ турбиналары өндірістік әдіспен амортизацияланады. Өндірістік әдіс бойынша амортизация мөлшерлемесін есептеу сағаттардың жалпы резервінен нақты пайдаланылған мотосағаттардың негізінде есептеледі.

Таратылу құны, активтерді пайдалы қолдану мерзімі және негізгі құралдардың тозу әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Бұрын танылған негізгі құралдарды немесе олардың маңызды құрауыштарын тануды доғару олар шығарылған кезде немесе егер келешекте бұл активті пайдаланудан немесе шығарудан экономикалық тиімділік алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық зиян туралы есепке кіргізіледі.

### *Аяқталмаған құрылыс*

Аяқталмаған құрылыс бастапқы құны бойынша ескеріледі және құрылыс процесінде негізгі құралдармен, орнатуды және монтажды күтетін жабдықпен, сондай-ақ құрылыста және күрделі жөндеуде пайдаланылатын материалдармен білдірілген. Аяқталмаған құрылысқа құрылыстың, құрал-жабдықтардың өзіндік құны және басқа да тікелей шығындар кіреді. Құрылыс аяқталғанда немесе машиналар мен жабдықтар пайдалану үшін дайын болғанда, нысан тиісті санатқа аударылады.

Аяқталмаған құрылысқа тозу есептелмейді.

### *Қарыздар бойынша шығындар*

Пайдалануға дайындалу үшін міндетті түрде ұзақ уақыт кезеңін қажет ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар олар шеккен есепті кезеңдегі шығыстарға жатады. Қарыздар бойынша шығындар пайыздарды төлеуді және Компанияның қарыз қаражатына байланысты шеккен басқа да шығындарын қамтиды.

### **Барлау және бағалау активтері**

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдар мен жанармайды, электр энергиясы мен мердігерлерге телемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары кеуіп кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық өзіндік жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-іздігіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде ескерілуін жалғастырады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар мұнай-газ активтерінің құрамына аударылады.

### *Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары*

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары тиісті кен орынның коммерциялық өндірісі басталған күннен бастап лицензия мерзімінің ішінде өндіріс шығасыларының бірлігі әдісі бойынша амортизацияланады.

Активтің пайдалы қызмет етуінің күтілетін мерзімі жыл сайынғы негізде қайта қаралады және қажет болған жағдайда, пайдалы қызмет ету мерзімінің өзгеруі перспективті түрде ескеріледі.

### *Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы*

Әрбір есепті күнге Топ барлау және бағалау активтерін құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады.

Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық болып табылмайды):

- Соның ішінде Топ белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау активтерінің баланстық құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ барлау және бағалау активтерінің құнсыздану индикаторларын анықтамады.

### **Тауар-материалдық қорлар**

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құнының ең аз мәні немесе таза өткізу құны бойынша ескеріледі. Құнға қорларды нақты орналасқан жерге дейін жеткізу және оларды тиісті жай-күйге келтіру шығындары кіреді. Тауар-материалдық қорлардың өзіндік құны орташа алынған құнның әдісі бойынша айқындалады. Таза өткізу құны өндірісті аяқтауға арналған болжамды шығыстарды және өткізуге арналған бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында болжамды сату бағасы ретінде айқындалады.

### **Қаржылық емес активтердің құнсыздануы**

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнына бағалау жүргізеді. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны - бұл сатуға арналған шығындарды шегергенде, (ААЖБ) активінің әділ құны және (ААЖБ) активін пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің ағымдағы құны немесе ААЖБ өтелетін сомадан асып кетсе, онда актив құнсызданған ретінде қаралады және оның құны өтелетін сомаға дейін кемітіледі.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тауекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер, егер ондайлар орын алса, ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялардың нарықта еркін айналымдағы акциялары бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағындары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тауекелдерді көрсетеді. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық мәмілелер, егер ондайлар орын алса, ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, еншілес компаниялардың нарықта еркін айналымдағы акциялары бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын жекелеген активтер жататын топтың әрбір ААЖБ үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулерге сүйене отырып айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылға жасалады. Ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсу қарқыны есептеледі.

Құнсыздану шығындары (қорлардың құнсыздануын қоса алғанда) жиынтық зиян туралы есепте танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

### Қаржы құралдары – бастапқы тану және кейіннен бағалау

Бір ұйымда қаржы активінің және екінші ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың пайда болуына әкеліп соқтыратын кез келген шарт қаржы құралы болып табылады.

### Қаржы активтері

#### *Бастапқы тану және бағалау*

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген белігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

### Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- ұйымның қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

2024 жылғы 30 маусымда Топтың басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдары, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдары және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері болған жоқ.

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)*

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда дебиторлық берешекті жатқызады.

*Тануды тоқтату*

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) мойындалуын тоқтатады (яғни, Топтың қаржылық жағдайы туралы есебінен алынып тасталады), егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

*Қаржы активтерінің құнсыздануы*

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несиелік зиянды (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несиелік зиян) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несиелік зиян) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несиелік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Әрбір есепті күнге Топ қаржы активінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржылық активтер тобы активті бастапқы мойындаудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелі болған жағдайда құнсызданған болып есептеледі, әрі олар сенімді түрде бағалауға болатын қаржылық актив немесе қаржылық активтер тобы бойынша күтілетін болашақ ақша қаражаты ағындарына әсер етті. Құнсыздану дәлелі борышкер немесе борышкерлер тобы айтарлықтай қаржылық қиыншылықтар көріп отырғанын көрсетуді, өзінің қарызын өтей алмауды немесе берешектің пайыздарын немесе негізгі сомасын төлеуді тиянақты жүзеге асырмауды, сондай-ақ олар банкроттық немесе өзге түрде қаржылық қайта ұйымдастыру рәсімін жүргізуі мүмкін болуын қамтиды. Сонымен бірге, мұндай дәлелдерге бағалауға болатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешек ақша ағындарының азаюына көрсететін байқалатын деректер, атап айтқанда, мерзімі өткен берешек көлемдерінің және борыштарды төлеу міндеттемелерін орындаудан бас тартулармен белгілі бір өзара байланысты болатын экономикалық жағдайлардың өзгеруі жатады.

**Қаржылық міндеттемелер*****Бастапқы тану және бағалау***

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде тиісінше пайда немесе зиян; несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады. Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен басқа да қарыздар кіреді. Топтың пайда немесе зиян, тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде бастапқыда мойындаған кезде ол айқындалған қаржылық міндеттемелері жоқ.

***Одан кейінгі бағалау***

Қаржы активтерін келесі тәсілмен кейіннен бағалау олардың жіктелуіне тәуелді болады:

***Несиелер мен қарыздар***

Бұл санат Топ үшін ең маңызды болып табылады. Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссияларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда немесе залал туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына кіреді.

Бұл санатқа негізінен пайыздық несиелер мен несиелер жатады.

***Тануды тоқтату***

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Егер қолда бар қаржылық міндеттеме айтарлықтай өзгеше шарттарда сол кредитор алдындағы басқа міндеттеменен ауыстырылса немесе қолда бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгерген болса, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма пайда немесе залал туралы есепте танылады.

**Қаржы құралдарын өзара есепке алу**

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуға жатады, ал нетто-сома қазіргі уақытта танылған сомаларды өзара есепке алудың заңды қорғалатын құқығы болған кезде және нетто-негізде есеп айырысуды жүргізу, активтерді сату және онымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болған кезде қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте ұсынылады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

### Әділ құнды бағалау

Топ сату үшін қолда бар қаржылық активтер сияқты қаржылық құралдарды әр есепті күнге әділ құн бойынша және қаржылық емес активтерді әділ құн бойынша бағалайды, егер олардың әділ құны қалдық құнынан айтарлықтай өзгеше болса. Әділ құн – бұл активті сатқаны үшін алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегідей жасалған мәміле шеңберінде міндеттемені бергені үшін төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру туралы мәміле болып жатқанын көрсетеді:

- немесе осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта; немесе
- немесе, негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе ең қолайлы нарыққа қол жеткізуі керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдарды пайдалана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өз мүдделері үшін әрекет етеді деп болжанады.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және тиімді пайдалану арқылы немесе оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату нәтижесінде экономикалық пайда алу мүмкіндігін ескереді.

Топ қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалана отырып және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдалана отырып.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шеңберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-Деңгей - ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-Деңгей - әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-Деңгей - Иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды.

### Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржыландыру бойынша шығындар ретінде мойындалады.

### Салықтар

#### *Ағымдағы табыс салығы*

Салық активтері және ағымдағы кезең үшін ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы пайда мен зиянның құрамында емес, капитал құрамында мойындалады. Компания басшылығы салық декларацияларында көрсетілген көрсеткіштерді бағалауды мезгіл-мезгіл жүзеге асырады, тиісті салық заңнамасы оларға қатысты әртүрлі түсінілуі мүмкін, сөйтіп қажет болуына қарай резервтер жасалады.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

### *Кейінге қалдырылған салық*

Кейінге қалдырылған салық есептілік күніндегі қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтарды анықтау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері салық салынатын барлық уақытша айырмашылықтар бойынша танылады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестің бірлестігі болып табылмайтын мәміле барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындайды және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да немесе шығынға да әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдастырылған компанияларға инвестицияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестеріне байланысты салық салынатын уақытша айырмашылықтарға қатысты, егер уақыт айырмашылығының азаюы кезінде үлестіруді бақылауға болатын болса және жақын болашақта уақытша айырмашылықтың азаюына айтарлықтай мүмкіндік бар.

Кейінге қалдырылған салық активтері шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша шегерілетін уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары шегерілетін уақыт айырмалары есептелуі мүмкін салық салынатын пайданың болу ықтималдығы айтарлықтай дәрежеде танылады:

- шегерілетін уақыт айырмашылығына қатысты кейінге қалдырылған салық активі активтің немесе міндеттеменің бастапқы танылуынан туындайды және операция жасалған кезде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға да, шығынға да әсер етпейді;
- еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақытша айырмашылықтардың жақын болашақта пайдаланылуының айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады және оған қарсы салық салынатын пайда болады уақытша айырмашылықтар қолданылуы керек.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады. Пайда немесе зиян құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

### **Қосылған құн салығы (ҚҚС)**

Салық заңнамасында нетто негіздегі сатулар және сатып алулар бойынша қосылған құн салығын (ҚҚС) өтеу көзделеді. Осылайша, өтелуге жататын ҚҚС, сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді.

### *Төлеуге ҚҚС*

Төленуге жататын ҚҚС бухгалтерлік есеп шоттарында Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес ҚҚС салынатын тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді көрсетуден болған кірістерге есептеледі. Үмітсіз қарыз бойынша резерв ҚҚС қоса алғанда, дебиторлық берешектің жалпы сомасына есептеледі.

### *Өтелуге жататын ҚҚС*

Өтелуге жататын ҚҚС бухгалтерлік есеп шоттарында ҚҚС-пен бірге сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша және егер ондайлар кіріс алу мақсатында пайдаланылса көрсетіледі.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Әрбір есепті күнге өтелуге жататын ҚҚС шоты бойынша сома әрбір салық төлеуші үшін төленуге жататын ҚҚС шоты бойынша сомамен есепке алынуы тиіс.

**Дивидендтер**

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін төлеуге ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

**Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім**

Топ қызметі электр қуатын өндірумен және сатумен байланысты. Топ, әдетте, ол кірісті қамтамасыз ететін келісімшарттарда директор ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келді.

*Электр қуатын сату*

Электр қуатын сатудан түскен түсім электр қуаты сатып алушыға электр қуаты жүйелі оператор («КЕГОК» АҚ) растаған өлшеу құралдарының деректері бойынша беру құралдарын берілетін әр айдың соңында танылады. Төлем әдетте аванстық төлемдермен жасалады.

Көрсетілетін қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарға сәйкес орындалуға жеке міндеттер болып табылады.

Шарттар ауыспалы сыйақыны, көлемі үшін жеңілдіктерді, ең аз көлемді немесе «ал немесе төле» шарттық қағидаты бойынша талаптарды көздемейді.

Электр қуатын сатып алу-сату шарттарында электр қуатын тікелей беруден ерекшеленетін өзге уәделер мен міндеттер жоқ.

*Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсету*

Қызметтердің көрсетуінен түскен түсім электр станциясын аттестациялау нәтижелері, электр қуатымен жыл сайынғы орталықтандырылған сауда-саттықтың, сондай-ақ жүйелік оператордың бір айдағы коэффициенттерінің мәндері туралы актінің қорытындылары бойынша әр айдың соңында танылады. Көрсетілетін қызметтер орындалуға жататын жеке міндеттер болып табылады. Қызметтерді көрсету шарттарында өзге уәделер мен міндеттер жоқ.

*Пайыздық кіріс*

Амортизацияланған құн және сату үшін қолда бар деп жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық зиян туралы есепте қаржылық кірістер құрамына енгізіледі.

*Қаржыландырудың айтарлықтай компоненті*

Әдетте, Топ сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. 15 ХҚЕС-те (IFRS) көзделген практикалық сипаттағы жеңілдікті пайдалану нәтижесінде Топ сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен сатып алушының мұндай тауардың немесе қызметтердің ақысын төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтіп отырса, шарттарда қаржыландырудың едәуір құрамдасының ықпалын ескере отырып өтемақының уәде етілген сомасын түзетпейді.

**Шарт бойынша қалдықтар***Сауда дебиторлық берешек*

Дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақыға құқықты береді (яғни мұндай өтемақы төленуге жататын сәттің орын алуы тек уақыт өтуімен ғана негізделген). Қаржы активтеріне қатысты есеп саясаты «Қаржы құралдары - бастапқы мойындау және кейінгі бағалау» бөлімінде қарастырылады.

*Шарт бойынша міндеттемелер*

Шарт бойынша міндеттеме - бұл сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді беру міндеті, әрі солар үшін Топ сатып алушыдан өтемақыны алды (не болмаса сол үшін өтемақы төленуі тиіс). Егер сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермес бұрын төлейтін болса, төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиісті болатын сәтте (қайсысының бұрын басталуына қарай) шарт бойынша міндеттеме

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Компания шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда түсім ретінде танылады.

**Жалдау**

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

*Топ жалға алушы ретінде*

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Топ өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер де құнсыздану мәніне тексеріледі.

*Жалдау бойынша міндеттемелер*

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Топ түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды. Компания жалдау бойынша міндеттемелерді «Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер» құрамында көрсетеді.

*Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау*

Топ үй-жай мен көліктерді қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Топ төмен құны бар жиһаз бен офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

*Топ жалға беруші ретінде*

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Топтың активке иелік етумен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдалар қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Пайда болған жалдау кірісі жалдау мерзімі ішінде сызықтық әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына байланысты пайда немесе залал туралы есепте кіріске енгізіледі. Операциялық жалдау шартын жасасу кезінде шеккен бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына енгізіледі және жалдау мерзімі ішінде жалдау кірісі сияқты негізде танылады. Шартты жалдау ақысы алынған кезеңдегі кірістің бөлігі ретінде танылады.

### Қарыз алу бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындалу үшін міндетті түрде ұзақ уақытты қажет ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысты қарыз алу шығындары осындай активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыз алу бойынша барлық басқа шығындар олар туындаған кезеңдегі шығындарға жатады. Қарыз алу шығындары пайыздарды төлеуді және Қарыз қаражатына байланысты ұйым шеккен басқа шығындарды қамтиды.

### Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны олардың сатып алу күніндегі әділ құны болып табылады. Бастапқы танылғаннан кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі бастапқы құны бойынша есепке алынады. Өнімді әзірлеуге арналған капиталдандырылған шығындарды қоспағанда, ұйым ішінде құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығындар олар пайда болған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет көрсету мерзімі шектелген немесе айқындалмаған болуы мүмкін.

Шектелген тиімді пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзім ішінде амортизацияланады және егер осы материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес актив үшін амортизация мерзімі мен әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады. Активте қамтылған болашақ экономикалық пайданың күтілетін пайдалы қызмет мерзімін немесе болжамды тұтыну құрылымын өзгерту амортизация мерзімін немесе әдісін сәйкесінше өзгертеді және бухгалтерлік бағалаудың өзгеруі ретінде қарастырылады. Пайдалану мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар материалдық емес активтердің функциясына сәйкес келетін шығыстар санатындағы пайда немесе залал туралы есепте танылады.

Пайдалану мерзімі белгісіз материалдық емес активтер амортизацияланбайды, бірақ құнсыздануға жыл сайын жеке немесе ақша қаражатын өндіретін бірліктер деңгейінде тексеріледі. Пайдалану мерзімі белгісіз материалдық емес активті пайдалы пайдалану мерзімі осы активті пайдалы пайдалану мерзімі белгісіз активтер санатына жатқызуды жалғастыру қаншалықты қолайлы екенін айқындау мақсатында жыл сайын қайта қаралады. Егер бұл қолайсыз болса, пайдалы қызмет мерзімін бағалауды – белгісізден шектеулі мерзімге өзгерту – перспективті негізде жүзеге асырылады.

Материалдық емес активті тану ол шыққан кезде (яғни оны алушы бақылауды алған күні) немесе оны пайдаланудан немесе шығарудан болашақ экономикалық пайда күтілмеген кезде тоқтатылады. Активті тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын пайда немесе залал (активтің шығарылуынан түскен таза түсімдер мен осы активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) пайда немесе залал туралы есепке енгізіледі.

### *Зерттеу және әзірлеу шығындары*

Зерттеу шығындарының пайда болу шамасына қарай олар шығыстарға жатқызылады. Нақты өнімді әзірлеу шығындарының нәтижесінде туындайтын материалдық емес актив Топ келесіні көрсете алғанда ғана танылады:

- Материалдық емес активті әзірлеуді аяқтаудың техникалық жүзеге асырылуы және оны пайдалануға немесе сатуға жарамды күйге келтіру;
- Материалдық емес активті әзірлеуді аяқтау ниеті, сондай-ақ активті пайдалану немесе сату мүмкіндігі мен ниет;
- Актив келешек экономикалық пайданы жасайтындығы;
- Әзірлеуді аяқтау үшін жеткілікті ресурстардың болуы;
- Активті әзірлеу барысында шығындарды сенімді бағалау қабілеті.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Актив ретінде әзірлеу шығындары бастапқыда танылғаннан кейін активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Активтің амортизациясы әзірлеу аяқталғаннан кейін басталады, актив пайдалануға дайын болғанда және келешек экономикалық пайданы алудың болжамды кезеңнің ішінде жасалады. Амортизация сатудың өзіндік құнның құрамында көрсетіледі. Әзірлеу кезеңінің ішінде актив жыл сайын құнсыздануға тестіленеді.

### Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады. Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, өйткені олар Компанияның ақша қаражатын басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып есептеледі.

### 4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

Топтың қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін кіріс сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ мұндай баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін: Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Компания бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

### Негізгі құралдарды қайта бағалау

2016 жылғы 1 тамызда Топ негізгі құралдарды қайта бағалады. Топ үйлер, ғимараттар, беру құрылғылары, машиналар мен жабдықтар кіретін негізгі құралдардың әділ құнын бағалау үшін аккредитацияланған тәуелсіз бағалаушы «Премьер-Консалтинг» ЖШС-ны тартты. Негізгі құралдардың әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер). Бағалау нәтижесінде 28.652.162 мың теңге мөлшеріндегі сома 2016 жылғы 4 тамыздағы жағдай бойынша әділ құн ретінде танылды. Бағалау нысандарының әділ құнын анықтау үшін мыналар: шығынды тәсіл шеңберінде мамандандырылған активтерді, үйлерді, ғимараттар мен беру құрылғыларын бағалау үшін ірілендірілген жалпыланған құн көрсеткіштерінің әдісі және тозуды шегере отырып ұсыныс бағасының негізінде орнын ауыстыру әдісі пайдаланылды; технологиялық жабдық пен машиналарды бағалау үшін тозуды шегере отырып ұсыныс бағасының негізінде орнын ауыстыру әдісі және индексті әдіс пайдаланылды. Кірісті тәсілдің шеңберінде негізгі құралдардың барабар табыстылығын тестілеу үшін экономикалық және функционалды тозуды анықтау немесе жоқтығы мақсатында дисконтталған ақша ағындарының әдісі пайдаланылды. Әділ құнды бағалау кезінде 13,93% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды.

### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатып алу-сатудың міндетті мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаларға негізделеді. Пайдаланудан болатын құндылықтың есебі дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Топтың жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды.

Әрбір есепті кезеңде Топ құнсыздану индикаторларының болуын анықтау үшін әрбір активті және ақша қаражатын әкелетін («әкелуші бірлік») активтер тобын бағалайды. Егер мұндай индикатор болып шықса, өтелетін құн лайықты түрде бағаланады. Бұл есептеулер электр қуатына арналған ұзақ мерзімді тариф, дисконт мөлшерлемесі, күрделі жөндеу, операциялық шығындар және басқа да бағалаулар сияқты бағалау мен жорамалдарды пайдалануды қажет етеді. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

2024 және 2023 жылдары Топ қаржылық емес активтерге қатысты құнсыздану көрсеткіштерін таппады.

**Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімі**

Топ негізгі құралдар объектілерінің қалған пайдалы қызмет мерзімін, кем дегенде әрбір есепті жылдың соңына бағалайды. Егер күтілген жағдайлар бұрынғы бағалаулардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, есепті бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес есепті бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі.

Сот істеріне қатысты шартты міндеттемелер мен резервтер

Шартты міндеттемелер мен резервтер өз табиғатына орай тек бір немесе бірнеше оқиғаның келешекте орын алған немесе орын алмаған жағдайда ғана реттеледі. Шартты міндеттемелер мен резервтерді бағалау анықтамасы бойынша келешек оқиғалардың нәтижесіне қатысты пайымдаулар мен бағалау мәндерінің елеулі көлемін пайдалануды білдіреді.

**Объектілерді пайдаланудан шығару міндеттемесі**

Топ мұнай және газ ұңғымаларын жою және консервациялау бойынша шығындарға қатысты бағалау міндеттемесін көрсетеді. Пайдаланудан шығару бойынша шығындар есепті ақша ағындарын пайдалануды есеп алған міндеттемелерді реттеуге жұмсалатын күтілетін шығындардың келтірілген құны бойынша ескеріледі және тиісті активтің бастапқы құнының бөлігі ретінде танылады. Ақша ағындары пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерге тән тәуекелдерді көрсететін 10.6% мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконт амортизациясы пайда болуына қарай шығыстар шотына қарайды және пайда немесе зиян туралы есепте қаржыландыру шығындары ретінде танылады. Пайдаланудан шығару бойынша есепті келешек шығындар жыл сайын сараланып, қажеттілігіне қарай түзетіледі. Есепті келешек шығындардағы немесе дисконттаудың қолданылатын мөлшерлемесіндегі өзгерістер актив бағасына қосылады немесе алынады.

**Кейінге қалдырылған салық активтері**

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық зияны есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық зияны бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

**Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім**

Топ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің көлеміне және мойындау мерзіміне айтарлықтай әсерін тигізетін келесі пайымдауларды пайдаланды:

Топ қызметі электр қуатын қуат көзімен жабдықтайтын кәсіпорындарға сатумен байланысты. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түскен түсім сатып алушы бір мезгілде Топ ұсынатын пайданы алатын әрі пайдаланатын кезең ішінде мойындалады.

Топ түсімді алуды көздейтін барлық жасалған шарттар бойынша принципал ретінде болады, өйткені барлық жағдайларда да ол шарт бойынша өз мойнына міндеттемелер алған негізгі тарап болып табылады, баға белгілеуге қатысты іс-қимыл жасау еркіндігіне ие және қорлардың құнсыздану тәуекеліне және несиелік тәуекелге ұшырағыш болады.

Көрсетілетін қызметтер сатып алушылармен жасалған шарттарға сай орындалуға жататын жеке міндеттер болып табылады. Шарттар ауыспалы сыйақыны, көлемі үшін жеңілдіктерді, электр қуатының ең аз көлемді немесе «ал немесе төле» шарттық қағидаты бойынша талаптарды көздейді.

Сауда дебиторлық берешек және шарт бойынша активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резерві

Топ сауда-саттық дебиторлық берешегі мен шарт бойынша активтер бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің ставкалары шығындардың пайда болу сипаттамалары ұқсас (яғни географиялық аймақ, өнім түрі, сатып алушылардың типі мен рейтингі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа да нысандары бойынша) әртүрлі клиенттік сегменттер топтары үшін төлемді кешіктіру күндерінің санына байланысты белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтерінің матрицасы өткен кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының бақыланатын деректеріне негізделген. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып, несиелік шығындардың бұрынғы тәжірибесін түзету үшін матрицаны жаңартады. Мысалы, егер келесі жылы болжамды экономикалық жағдайдың нашарлауы

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

күтілсе (мысалы, ЖІӨ), бұл өндіріс секторында дефолт жағдайларының көбеюіне әкелуі мүмкін, онда дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы бақыланатын деректер жаңартылады және болжамды бағалаулардағы өзгерістер талданады.

Тарихи бақыланатын дефолт деңгейлері, болжамды экономикалық жағдайлар және КНЗ арасындағы байланысты бағалау айтарлықтай есептік бағалау болып табылады. КНЗ шамасы жағдайлардың өзгеруіне және болжамды экономикалық жағдайларға сезімтал. Несиелік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесі Компания және экономикалық жағдайлардың болжамы болашақта сатып алушының нақты дефолтының көрсеткіші болмауы мүмкін.

2024 жылғы 30 маусымда Топ сауда дебиторлық берешегінің, сондай-ақ ақша қаражаттары мен олардың баламаларының шамалы құнсыздануын анықтады.

### 5. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Материалдық емес активтер жолында келесілер көрсетілген:

мың теңге

Атауы	30.06.2024 ж.	31.12.2023 ж.
ЖТПК өндіру құқығы	86 657	86 657
Май өндіру құқығы	9 670 437	-
<b>Жиыны</b>	<b>9 757 094</b>	<b>86 657</b>

Материалдық емес активтер Барлау келісімшарттары негізінде жасалған және барлау және бағалау кезеңінде жұмсалған шығындардан тұратын құм-қиыршық тас қоспасы, құм, саз және балшық сияқты жалпы таралған пайдалы қазбаларды (ЖТПК) өндіруге арналған келісімшарттармен ұсынылған.

ЖТПК өндіруге арналған келісімшарттар 2044 жылғы 17 сәуірге дейін жасалған.

### 6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

Негізгі құралдар жолында келесілер көрсетілген:

мың теңге

Мың теңге	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Басқалар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>Бастапқы құны</b>					
2023 жылғы 1 қаңтарға	6.326.552	33.371.256	232.912	911.036	40.841.756
Түсім	-	1.416	85	1.804.624	1.806.125
Шығысы	(6.837)	(126.421)	(1.221)	(33.832)	(168.311)
Аударымдар	68.518	1.006.122	243.001	(1.317.641)	-
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>6.388.233</b>	<b>34.252.373</b>	<b>474.777</b>	<b>1.364.187</b>	<b>42.479.570</b>
Түсім	1.956.131	4.844	89	1.850.634	3.811.698
Шығысы	-	(1.789)	(355)	(81.352)	(83.496)
ТМҚ-ға/-дан аударымдар	-	38.925	796	(39.721)	-
<b>2024 жылғы 30 маусымға</b>	<b>6.344.364</b>	<b>34.294.353</b>	<b>475.307</b>	<b>3.093.748</b>	<b>46.207.772</b>
<b>Жинақталған тозу</b>					
2023 жылғы 1 қаңтарға	2.961.258	19.647.980	177.293	-	22.786.531
Бір жылға есептеу	281.043	1.908.779	47.984	-	2.237.806
Шығысы	-	(122.504)	(1.096)	-	(123.600)
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>3.242.301</b>	<b>21.434.255</b>	<b>224.181</b>	<b>-</b>	<b>24.900.737</b>
Бір жылға есептеу	144.398	1.003.761	23.897	-	1.172.056
Шығысы	-	(1.187)	(307)	-	(1.494)
Аударымдар	-	-	-	-	-
<b>2024 жылғы 30 маусымға</b>	<b>3.386.699</b>	<b>22.436.829</b>	<b>247.771</b>	<b>-</b>	<b>26.071.299</b>

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қалдық құны					
2023 жылғы 31 желтоқсанға	3.145.932	12.818.118	250.596	1.364.187	17.578.833
2024 жылғы 30 маусымға	4.957.665	11.857.524	227.536	3.093.748	20.136.473

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топ 2009 жылдан бастап "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-дан алынған Топтың қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде кепілге қойылған белгілі бір негізгі құралдарға (ГТЭС-Ақшабұлақ ілеспе инфрақұрылымы бар жылжымалы және жылжымайтын мүлікке) ие болды. 2020 жылы бұл негізгі қаражат "Қазақстан Халық Банкі" АҚ пайдасына ("Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-нан кейінгі кепілге екінші кезек) "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-нан алынған Топтың қарыздары бойынша қамтамасыз ету ретінде қайта салынды. 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша кепілге салынған негізгі құралдардың қалдық құны 17.043.153 мың теңгені құрайды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 15.592.929 мың теңге).

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізгі құралдар бастапқы құны 2.855.516 мың теңге болатын толық амортизацияланған негізгі құралдарды қамтиды (2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 2.783.826 мың теңге).

### 7. БАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ АКТИВТЕРІ

2024 жылғы 30 маусымдағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы барлау және бағалау активтеріне мынадай капиталданған шығыстар кіреді:

	30.06.2024ж.	31.12.2023ж.
Сейсмикалық барлау	10.328.555	10.322.955
Ұңғымаларды бұрғылау	430.840	430.840
Деректерді өңдеу және түсіндіру	240.775	240.775
Тарихи шығындар	65.438	65.438
Электрбарлау	60.594	60.594
Жалақы және тиісті салықтар	27.183	27.183
Активтерді жою міндеттемелері	19.029	19.029
Бағдарламалық жасақтама	18.873	18.873
Өнімнің әлеуметтік дамуы	15.701	15.701
Бағдарламалық жасақтамаға техникалық қолдау көрсету қызметтері	8.278	8.278
Қазақстандық кадрларды оқыту	7.609	7.609
Барлау құқығы	4.638	4.638
Іздестіру жұмыстарының жобасы	21.788	1.956
Геологиялық барлау жұмыстары	65.312	1.458
Тестілік мұнайды сату	(814.953)	(814.953)
	10.499.660	10.410.374

### 8. ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Мың теңге	30.06.2024	31.12.2023
Қосалқы бөлшектер мен материалдар	763.756	628.358
Дайын өнім	4.151	155
Басқасы	26.846	26.957
Аяқталмаған өндіріс	-	-
	794.753	655.470

### 9. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге	30.06.2024	31.12.2023
Қысқа мерзімді салымдар теңгемен	351.500	306.000
Ағымдағы банктік шоттар теңгемен	19.037	2.867
Ағымдағы банктік шоттар АҚШ доллары	-	-
Резерв	(182)	(182)

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

370.355

308.685

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша пайдалануда шектелген ақшалай қаражат 341.472 мың теңге мөлшерінде активтерді шығару бойынша міндеттемелерді орындау үшін орналастырылған мамандандырылған банк салымымен ұсынылды.

**10. КАПИТАЛ**

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың жарғылық капиталы 35.670.200 мың теңгені құрады.

2017 жылдың 10 наурызында топ жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға қайта ұйымдастырылды. Қайта ұйымдастыру кезінде активтерді қайта бағалау резерві 12.768.101 мың теңге және бөлінбеген шығын 604.601 мың теңге мөлшерінде акционерлік қоғамның жарғылық капиталына ауыстырылды. Бұл ретте жарияланған және төленген акциялардың саны 35 670 200 дананы құрайды. Бір акцияның номиналды құны 1000 теңгені құрайды

Бір жай акцияның баланстық құны мына формула бойынша есептеледі:

$BVcs = NAV / NOcs$ , мұнда

$BVcs$  – есеп айырысу күніне бір жай акцияның баланстық құны;

$NAV$  – есеп айырысу күніндегі қарапайым акциялар үшін таза активтер;

$NOcs$  – есептеу күніне жай акциялар саны.

Жай акцияларға арналған таза активтер мына формула бойынша есептеледі:

$NAV = (TA - IA) - TL - PS$ , мұнда

$TA$  – есеп айырысу күніндегі қаржылық жағдай туралы есептегі акциялар эмитентінің активтері;

$IA$  – ұйым төленген ақшалай қаражатты өтеу мақсатында үшінші тараптарға өткізе алмайтын қаржылық жағдай туралы есептегі материалдық емес активтер;

$TL$  – қаржылық жағдай туралы есептегі міндеттемелер;

$PS$  – артықшылықты акциялар.

	30.06.2024ж.	31.12.2023ж.
TA	52 503 392	51 618 184
IA	9 757 094	86 657
TL	27 907 072	27 916 108
PS	0	0
NAV	14 839 226	23 615 419
NOcs, дана	35 670 200	35 670 200
BVcs, теңге	416	662

Акцияға шаққандағы негізгі пайда – бұл таза кірістің акциялардың орташа өлшенген санына қатынасы.

	2024 жылдың 6 айы	2023 жылдың 6 айы
Таза пайда	894 244	(939 996)
Акциялардың орташа өлшенген саны	35 670 200	35 670 200
Акцияға шаққандағы негізгі пайда / шығын	0,025	(0,026)

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың өтеу акциялармен жүзеге асырылатын міндеттемелері жоқ.

**11. ПАЙЫЗДЫҚ ҚАРЫЗДАР**

Мың теңгемен	Валюта	Номиналды мөлшерлеме	Өтеу мерзімі	30.06.2024ж.	31.12.2023ж.
«Joint Resources» ЖШС	Теңге	3 %, 3,20%	31 желтоқсан 2023 жыл	631.040	631.040
FCI Management LLP ЖШС	Теңге	3,20%	31 желтоқсан 2023 жыл	75.525	75.525
Позитив А ЖШС	Теңге	3,20%	31 желтоқсан 2023 жыл	76.120	76.120
EuroAsia Construction ЖШС	Теңге	3,20%	31 желтоқсан 2023 жыл	21.469	21.469
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	Теңге	7,7%	14 желтоқсан 2023 жыл, 14 желтоқсан 2026 жыл	1.076.702	1.444.935
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Теңге	7,5%	29 желтоқсан 2028 жыл	12.058.067	12.999.858
Қарыздардың жиыны				13.938.923	15.248.947
есепті күннен бастап 12 ай ішінде өтеуге жататын соманы шегере отырып				(2.148.813)	(15.248.947)
12 айдан асқанда өтеуге жататын сомалар				11.790.110	-

**«Joint Resources» АҚ**

2016 жылғы қарашада Топ геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарына ілеспе өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 5.232.600 мың теңгеден аспайтын қамтамасыз етілмеген мерзімді қарыз беру туралы шарт жасасты. 2019 жылғы 23 қазанда қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді.

2017 жылғы 28 маусымда Топ геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарына ілеспе өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 1.000.000 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген мерзімді қарыз беру туралы шарт жасасты. 2019 жылғы 28 тамызда қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топта өтеу мерзімі 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін 631.040 мың теңге сомасына қарыздар бойынша төленбеген пайыздар бар.

**«FCI Management» ЖШС**

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарына ілеспе өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 969.000 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген мерзімді қарыз беру туралы шарт жасасты. 2019 жылғы 21 қазанда қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компанияда өтеу мерзімі 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі 75.525 мың теңге сомасына қарыз бойынша төленбеген пайыздар бар.

**«ПОЗИТИВ-А» АҚ**

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарына ілеспе өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 968.000 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген мерзімді қарыз беру туралы шарт жасасты. 2019 жылғы 21 қазанда қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топта өтеу мерзімі 2025 жылғы 1 қаңтарға дейінгі 76.120 мың теңге сомасына қарыз бойынша төленбеген пайыздар бар.

**«EuroAsia Construction» ЖШС**

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2017 жылғы наурызда Топ геологиялық барлау жұмыстары бағдарламасын және геологиялық барлау жұмыстарына ілеспе өзге де қызметті қаржыландыру мақсатында жалпы сомасы 2.499.000 мың теңгеге қамтамасыз етілмеген мерзімді қарыз беру туралы шарт жасасты. Іс жүзінде несие 2019 жылдың 18 шілдесінде берілген. 2019 жылғы 22 қазанда қарыз бойынша негізгі қарыз толығымен өтелді.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топта 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін өтеу мерзімімен 21.469 мың теңге сомасына қарыз бойынша төленбеген пайыздар бар.

### «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

2020 жылғы 10 желтоқсанда Топ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-да жалпы сомасы 38.850 мың АҚШ долларын құрайтын Кредиттік желіні ашып, 2020 жылғы 10 желтоқсандағы №KS 01-20-37 кредиттік желісін ашу туралы Жеке келісім жасасты. Кредиттік желінің мақсаты "Bank RBK" АҚ-дағы берешекті қайта қаржыландыру болып табылады. Газтурбиналық электр станциясының негізгі құралдарының объектілері, автокөлік ("Қазақстанның Даму Банкі" АҚ-нан кейін кепілге екінші кезек) кредит бойынша қамтамасыз ету болып табылады.

2020 жылғы 10 желтоқсанда Топ 38.850 мың АҚШ доллары сомасына №KD 01-20-37-01 Банктік қарыз шартын жасасты. Қарыз сомасы сол күні толық игерілді. Қарыз мерзімі 2020 жылғы 10 желтоқсаннан 2023 жылғы 8 желтоқсанға дейін, сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5%, тиімді жылдық мөлшерлеме 5,2%.

2022 жылғы 28 қаңтарда Топ №KD 01-20-37-02 Банктік қарыз шартын №KD 01-20-37-01 Шарты бойынша қарызды 16.940.000 мың теңге сомасына теңгемен конвертациялау мақсатында жасады. Долларлық қарыз толығымен сол күні ауыстырылды. Қарыз мерзімі 2022 жылғы 28 қаңтардан бастап 2023 жылғы 8 желтоқсанға дейін, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 12,5%, жылдық тиімді мөлшерлеме 13,2%.

2022 жылғы 27 желтоқсанда жылдық сыйақы мөлшерлемесі 19,75% - ға дейін өсті.

2023 жылғы 8 желтоқсанда Топ 2024 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімге жылдық 7,5% сыйақы мөлшерлемесімен жаңа шарт жасасу арқылы қарызды АҚШ долларына айырбастады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілге қойылған активтердің баланстық құны 16.024.902 мың теңгені құрайды. Сондай-ақ, 2014 жылғы 7 ақпандағы № 3996-УВС Барлау және өндіру келісімшарты қамтамасыз ету болып табылады.

### «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ

2009 жылғы шілдеде Топ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-да жалпы сомасы 74.257 мың АҚШ долларына кредиттік желі ашты, 2011 жылғы наурызда кредиттік желі 90.000 мың АҚШ долларына дейін ұлғайтылды. Кредиттік желінің мақсаты Қазақстан Республикасының Қызылорда облысындағы Ақшабұлақ кен орнында газ турбиналық электр станциясын салу болып табылады. Несие бойынша қамтамасыз ету газ турбиналық электр станциясының негізгі құралдарының объектілері, автокөлік болып табылады.

## 12. КЕЛІСІМШАРТ БОЙЫНША БАҒАЛАУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Келісімшартқа сәйкес (1-ескертпе) Топ геологиялық және геофизикалық деректер мен бұрғылау жұмыстары бойынша тарихи шығындарға қатысты міндеттемелерді, активтерді жою жөніндегі міндеттемелерді, персоналды оқыту және өндіріс әлеуметтік дамыту жөніндегі міндеттемелерді өз мойнына алады.

Міндеттемелердің баланстық құны ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағаларын көрсететін салық салуға дейінгі мөлшерлеме бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталады.

Атауы		
	30.06.2024 ж.	31.12.2023 ж.
Тарихи шығындар	498.675	547.101
Тарату қоры бойынша шығыстар	105.433	105.433
Қазақстандық кадрларды оқыту бойынша шығыстар	-	-
Жиыны	604.108	652.534

## 13. КІРІСТЕР

мың теңгемен	2024 жылдың	2024 жылдың
	6 айы	6 айы
Электр энергиясын сатудан түсетін кірістер	4.360.011	4.391.468
Электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметтер көрсетуден		

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

түсетін кірістер	605.306	290.280
Май сатудан түсетін кірістер	363.946	-
Басқа да кірістер	1.640	193
	<b>5.330.903</b>	<b>4.681.941</b>

**Электр энергиясын сатудан түскен түсім**

ҚР Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес электр энергиясын өндірушілер (ЭЭӨ) үшін 2019-2025 жыл кезеңіне тұрақты шекті тарифтері бар 43 топ құрылды.

"Кристалл Менеджмент" АҚ 2019-2025 жылдарға арналған электр энергиясының шекті тарифімен 31 ЭЭӨ тобына кірді, ол үнемі өзгеріп отырды:

- 8,73 теңге/кВт-сағ 01 қаңтар 2019 жылдан бастап
- 8,94 теңге/кВт-сағ 1 қараша 2019 жылдан бастап
- 10,40 теңге/кВт-сағ 1 шілде 2020 жылдан бастап
- 13,39 теңге/кВт-сағ 1 сәуір 2021 жылдан бастап
- 12,44 теңге/кВт-сағ 1 шілде 2021 жылдан бастап

"Кристалл Менеджмент" АҚ электр энергиясын белгіленген шекті тарифтен жоғары емес бағамен сатты.

2021 жылғы 01 шілдеден бастап шекті тарифті қалыптастыруға өзгерістер енгізілді – шекті тарифтің құрылымынан жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып өндірілетін бөгде электр энергиясына арналған шығындар алынып тасталды, бірақ осы шығындарды өтеу мақсатында ЭЭӨ оларды шекті тарифке өтпелі үстеме түрінде қосуға рұқсат етілді ("Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 52 тш. және 2-11 тш.).

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға осы үстемеақының мөлшерін «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС жариялады.

"Кристалл Менеджмент" АҚ – электр энергиясын тұтынушының бірінші аймағы бойынша шартты тұтынушы, ол үшін үстемеақы тең болды:

- 01.07.2021 ж. бастап - 1,57 теңге/кВтсағ ҚҚС-сіз,
- 01.01.2022 ж. бастап - 1,58 теңге/кВтсағ ҚҚС-сіз,
- 01.01.2023 ж. бастап - 1,97 теңге/кВтсағ ҚҚС-сіз.

01.07.2023 жылдан бастап "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі ҚР Заңы мен "Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" 2009 жылғы 4 шілдедегі ҚР Заңының өзгеруіне байланысты барлық ЭЭӨ үшін электр энергиясын сату шарттары төмендегідей өзгерді:

- жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған үстеме ақы алынып тасталды;
- барлық электр энергиясын өткізу "Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу – қаржы орталығы" ЖШС болып табылатын бірыңғай сатып алушы – уәкілетті мемлекеттік операторға орталықтандырылған сауда-саттықта шекті тарифтен аспайтын баға бойынша жүргізіледі.
- орталықтандырылған сауда-саттықта өткізілмеген электр энергиясының шағын үлесі операторы «Электр энергиясы мен қуаты нарығының қазақстандық операторы» АҚ (ЭҚРҚО) болып табылатын тенгерімдеуші нарықта сатылуы мүмкін.

**Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін көрсетуден түскен түсім**

2019 жылғы қаңтардан бастап «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» ҚР Энергетика министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес қуатты қолдау жөніндегі қызмет шеңберінде қосымша төлемдер көзделген. ЭЭӨ жыл сайын жүйелік оператор – "КЕГОК" АҚ-да электр станциясының қуатын аттестаттаудан өтеді, бұл ретте "КЕГОК" АҚ электр станцияларының қуатын төмендету/өзгерту командаларын орындамаған кезде ай сайынғы төмендету коэффициенттерін қолдануға болады. "Кристалл Менеджмент" АҚ үшін аттестатталған қуаты шамамен айына 85 МВт құрайды.

Электр қуатының әзірлігін қолдау жөніндегі қызметке шарт "Электр энергиясының жаңартылатын көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы" ЖШС уәкілетті компаниясымен жасалады. Барлық ЭЭӨ үшін қызмет бағасы электр қуатымен жыл сайынғы орталықтандырылған сауда-саттықта белгіленеді және мыналарды құрайды:

- 2022 жылға - 590 мың теңге/ай аттестатталған қуаттылықтың 1 Мвт үшін,
- 2023 жылға - 590 мың теңге/ай аттестатталған қуаттылықтың 1 Мвт үшін.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

- 2024 жылға – 1 055 мың теңге/ай аттестатталған қуаттылықтың 1 Мвт үшін.

Электр энергиясын өткізу және электр қуатының әзірлігін қолдау бойынша қызметтер көрсету Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі және олар бойынша түсім ай сайын танылады.

**14. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2024 жылдың 6 айы	2023 жылдың 6 айы
Тозу және амортизация	1 125 540	1 033 484
Құрғақ жағар газ	1 098 091	974 648
Жалақы және тиісті салықтар	318 268	236 817
Электр қуаты	56 470	727 912
Қызметкерлердің тамақтануы	72 253	46 787
Материалдар	15 595	12 341
Байланыс қызметтері бойынша шығыстар	16 702	10 571
Жөндеу және қызмет көрсету	107 652	23 273
Күзет	18 018	19 226
Басқасы	146 057	16 981
	<b>2 974 646</b>	<b>3 102 040</b>

**15. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2024 жылдың 6 айы	2023 жылдың 6 айы
Жалақы және тиісті салықтар	374 719	262 777
Табыс салығынан басқа салықтар	29 737	29 392
Үй-жайларды жалдау	15 165	17 373
Сактандыру шығыстары	10 371	10 279
Іссапар шығыстары	24 696	9 102
Кәсіби қызметтер	81 744	54 680
Тозу және амортизация	22 968	29 966
Материалдар	411	6 171
Коммуналдық шығыстар	2 280	1 349
Банктік қызметтер	967	761
Жөндеу және қызмет көрсету	81	157
Басқасы	1 224	327
	<b>564 363</b>	<b>422 333</b>

**16. САТУ ШЫҒЫСТАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	2024 жылдың 6 айы	2023 жылдың 6 айы
Диспетчерлеу қызметтері	119 516	110 149
Теңестіру бойынша қызметтер	22 936	37 471
Электр қуатын беру қызметтері	25 389	31 027
Тозу және амортизация	41 737	38 517
Жалақы және тиісті салықтар	18 260	10 198
Басқасы	8 426	2 992
	<b>236 264</b>	<b>230 353</b>

Диспетчеризация мен теңестіру шығындары өзінің электрберу желілері арқылы электр қуатының көлемін бөлу және желілерде электр кернеуінің лайықты деңгейін қолдау жөніндегі Қазақстандық компаниялардың электр желілерін басқару компаниясы («KEGOC» АҚ) көрсеткен қызметтерге жатады.

**17. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Тауарларды жылдық сатып алу бағдарламасы бойынша міндеттемелер  
Топ жыл сайын сатып алулар өткізу үшін жоспарланған I ақпаннан кешіктірмей жыл сайын не болмаса пайдалы  
қазбаларды пайдалануға арналған келісімшарт тіркелген күннен бастап күнтізбелік 60 күннен кешіктірмей

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

құзырлы органға Үкімет бекіткен үлгі нысандар мен тәртіп бойынша алдағы жылға «жер қойнауын пайдалану» қызмет түрі бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жылдық сатып алу бағдарламасын ұсынуға міндетті.

Топ жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің және олардың өндірушілерінің тізілімін тіркеуге міндетті.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша басшылық Топ тауарларды сатып алудың жылдық бағдарламасы бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толығымен орындап шықты деп есептейді.

### Жұмыс бағдарламасы бойынша міндеттемелер

Топтың жыл сайын 1 ақпаннан кешіктірмей құзыретті органға Үкімет бекіткен нысандар мен тәртіп бойынша алдағы жылға көмірсутек ресурстарына барлау жүргізуге арналған жылдық бағдарлама ұсынуға міндеттемесі бар.

2024 жылдың 30 маусымдағы жағдай бойынша басшылық топ жұмыс бағдарламасы бойынша барлық міндеттемелерін толығымен орындады деп санайды.

### Қазақстандық қамту бойынша міндеттемелер

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттың талаптарына сәйкес, барлау жүргізу кезінде Топ қазақстандық кадрларға артықшылық беруге міндетті. Бұл ретте жұмысқа тартылатын кадрлардың жалпы санынан пайыздық қатынаста қазақстандық кадрларды тарту мынаны құрауға тиіс:

- Кемінде 75% басшылар мен олардың орынбасарлары бойынша;
- Кемінде 90% құрылымдық бөлімшелердің басшылары бойынша;
- Кемінде 90% мамандар бойынша;
- Кемінде 100% білікті жұмысшылар бойынша.

Топ, егер бұл қызметтер Қазақстан Республикасының резидент нестері көрсететін біртекті жұмыстар мен қызметтердің стандарттарына, баға және сапалық сипаттамаларына сәйкес келсе, әуе, теміржол, су және көліктің басқа да түрлерін пайдалануды қоса алғанда, барлау жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерді тартуға міндетті.

Топ жер қойнауын пайдаланушы өткізетін конкурстың және Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықты, материалдарды және дайын өнімді пайдалануға міндетті.

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес операциялар жүргізу кезінде келісімшарт бойынша жергілікті қамту мөлшері жыл сайын кемінде құрайы тиіс:

#### 3996-УВС Келісімшарт бойынша

- 74% жұмыстарға қатысты;
- 74% қызметтерге қатысты.
- 0% тауарларға қатысты.

#### 5274-УВС Келісімшарт бойынша

- 75% жұмыстарға қатысты;
- 80% қызметтерге қатысты.
- 5% тауарларға қатысты.

#### 5284-УВС Келісімшарт бойынша

- 74% жұмыстарға қатысты;
- 74% қызметтерге қатысты.
- 14% тауарларға қатысты.

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша басшылық Топ қазақстандық қамту бойынша барлық міндеттемелерін толық орындады деп есептейді.

## АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

### Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Болашақта Қазақстан экономикасының тұрақтылығы осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Мұнай бағасының төмендеуі Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізуде. Тенгедегі пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қала береді. Осы факторлардың жиынтығы капиталдың қол жетімділігінің төмендеуіне және оның құнының өсуіне, сондай-ақ Топтың қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсер етуі мүмкін одан әрі экономикалық өсуге қатысты белгісіздіктің артуына әкелді. Топ басшылығы қазіргі жағдайда Топтың экономикалық тұрақтылығын сақтау үшін тиісті шаралар қабылдап жатыр деп санайды.

### Коронавирустық пандемия және нарықтық жағдайлар

Коронавирустық пандемия жаһандық экономикалық дағдарысқа айналды. 2020 жылы мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі байқалды. Компанияға бағаның төмендеуі нәтижесінде мұнайдан түсетін табысқа қатысты пандемия тікелей әсер етті. Алайда, қазіргі уақытта компанияның экономикалық қызметіне, демек, оның нәтижелері мен қаржылық жағдайына жалпы дағдарыс қаншалықты әсер етуі мүмкін екендігі туралы үлкен белгісіздік бар. Нарықтық тенденциялар мен экономикалық жағдайларға қатысты белгісіздік COVID 19 таралу ұзақтығын және елде қабылданған қарсы шараларды ескере отырып, тұрақты болып қалуы мүмкін болғандықтан, кез келген болашақ кезеңдегі нақты нәтижелер бағалаудан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Компания жағдайды мұқият бақылауды жалғастырады.

### Салық салу

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының ХҚЕС-тің кірістерді, шығыстарды және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің басқа да шоттарын есепке алу жөніндегі түсіндірмелеріне қатысты арасында болатын пікірлерде келіспеушіліктер сирек емес. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатандығымен ерекшеленеді. Айыппұл мөлшері, әдетте, қосымша есептелген салық сомасының 50-80% құрайды, ал өсімпұлдар Қазақстанның Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің негізінде, 1,25 көбейтілген етіп есептеледі. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы есептелген салықтардың сомасынан бірнеше рет асып түсуі мүмкін.

Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің бес күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық жүйесімен байланысты белгісіздіктердің күшіне орай есептелген салықтардың, өсімпұлдар мен айыппұлдардың жиынтық сомасы (егер ондайлар болса) қазіргі күнге дейін шығыстарға жатқызылған және 2023 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып түсуі мүмкін.

Топ салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы әрі толық көлемде төлеуге міндетті. Келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық міндеттемелерін есептеу салық заңнамасына сәйкес жасалады. Келісімшарттың шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерінің орындалуы жер қойнауын пайдаланушыны салық міндеттемесінің пайда болу күніне қолданылатын мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес келісімшарттың шеңберінен шығатын мемлекетке қызметті жүзеге асыру бойынша салық міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

Жазылу бонусы бойынша төлемді жасау кезеңділігі мен тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Төлемдер уақтылы жасалды.

Басшылықтың пікірінше, 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша заңнаманың қолданыстағы ережелері дұрыс түсіндірілді және салық заңнамасына байланысты Компания орналасқан жағдайды сақтап қалу мүмкіндігі жоғары болып табылады.

### Қоршаған ортаны қорғау мәселелері

Топ барлау бойынша операцияларды жасау салдарынан бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғи объектілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан әрі де пайдалануға жарамды күйге дейін қалпына келтіруге міндетті. Сондай-ақ Топ өңірлік табиғатты қорғау органдарының тарапынан болған шағымдардың нәтижесінде әлеуетті шығындарды көтере алады.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді және учаскелерді қалпына келтіру жұмыстарын реттейтін қазақстандық заңнама мен нормативтік актілердің дамуына қарай Топ келешекте шығындар көтере алады, әрі олардың мөлшерін қазіргі уақытта мұндай шығындар үшін жауапкершілік көтеретін тараптарды анықтауға

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ  
ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР**

қатысты белгісіздік және Үкіметтің қоршаған ортаны қалпына келтіру шығындарын төлеу бойынша тартылған тараптардың мүмкіндіктерін бағалау сияқты факторлардың ықпалына орай айқындау мүмкін емес. Басшылықтың пікірінше, мұндай шығындар Топтың қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер етпейді

Дегенмен, қолайсыз жағдайда қазақстандық бақылау органдарының тарапынан әлеуетті шағымдар немесе айыппұлдар Топ қызметінің келешек нәтижелеріне немесе оның қандай да бір есепті кезеңдерде ақша қаражатының қозғалысына айтарлықтай ықпал етуі мүмкін.

Бас директор

Сайзинұлы Д

Бас бухгалтер

Род А.И.

